



Бекітемін
ЖШС «Балым» мектепке дейінгі
шағын орталығы меңгерушісі
А. Корабаева

№1 педагогикалық кеңесте

**ЖШС «Балым» мектепке дейінгі шағын орталығы
2022 – 2023 оқу жылына арналған
тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру жұмысының
ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫ**

МАЗМҰНЫ

1. Ақпараттық мәлімет

Жалпы мәлімет (мектепке дейінгі ұйым туралы)

Талдау (өткен оқу жылында атқарылған жұмыстар туралы мәлімет)

2. Салауатты өмір салтын ұйымдастыру

-«Дене шынықтыру»

-режимдік сәттер

-денсаулық күндері

-ермектер, спорттық ойындар

-жүйелі пайдалы тамақтануды ұйымдастыру

-медициналық-педагогикалық бақылау

3. Кадрлармен жұмыс

Педагогикалық кадрлардың негізгі құрамы

Педагогтерді аттестаттаудан өткізу

Біліктілікті арттыру

Жас мамандармен жұмыс

4. Білім беру процесін ұйымдастыру

Білім беру процесінің ашық көрсетілімдері

Ертеңгіліктер, ермектер, спорттық ойындар

Байқаулар, Көрмелер

Педагогикалық кеңестер

Әдістемелік кеңестер

Семинарлар (практикалық, теориялық)

Жобалық жұмыстар

5. Әлеуметпен жұмыс

Ата-аналармен өзара ықпалдастық

Бірлескен іс-шаралар

Мектеппен сабақтастық

Басқа әлеуметтік институттармен серіктестік

Бақылау және басшылық

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ҚЫЗМЕТІНДЕ БАСШЫЛЫҚҚА АЛАТЫН НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан
Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>

«Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306>

«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау
туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343>

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>

«Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-
эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469>

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669>

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235> Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары

қызметінің үлгілік қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017657> Білім беру
қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының нысандары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013227>

Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары Педагог
қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік
сипаттамалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005750> Жабдықтармен және

жиһазбен жаратқандыру нормалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272>

Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау
тәртібінің үлгілік қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015584>

Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейне бақылау жүйелерім

Шымкент қ Бүркітбаев көшесі 62 үй

Проект бойынша қуаты – 105

Балалар саны – 104

Жасы бойынша топтау және толықтыру.

№	Топ аттары	Жасы	Балалардың саны
	«Ботақан»	ерте жас тобы –1	15
	«Балапан»	кіші топ – 2 жастағы балалар	20
	«Құлыншақ»	ортаңғы топ – 3 жастағы балалар	25
	«Солнышко»	ересек топ – 4 жастағы балалар	25
	«Орленок»	мектепалды топ, мектептегі - 5 жастағы балалар	19
Барлығы	5 топ	1-5	104

ЖШС «Балым» мектепке дейінгі шағын орталығы 2 ғимаратта орналасқан. Корпустарда топтың бөлмелері; ойын бөлмесі, жатын бөлме, қабылдау бөлмесі, дәретхана, буфет, меңгеруші, әдіскер, есепші, медициналық; емшара кабинеті, оқшаулау (изоляция), шаруашылық меңгерушісі, қоймашы, ән-күй, хореография залы, асхана; дайындау цехы, тарату бөлмесі, кір жуатын бөлме/ үтіктеу бөлмелері бар. Бөлмелер заманауи талаптарға сай жабдықталған. Балалардың денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыруға толық мүмкіндік жасалған. Әр топқа сай алаң бар. Ойын алаңы безендірілген және қажетті ойын құралдарымен жабдықталған. Қимылды ойындардың өтілуіне сай мүмкіндіктер жасалынған. Балабақша айналасы газондандырылған, көгалдандырылған және қоршалған. (бақша туралы, өткен оқу жылда атқарған жұмыстар мен проблемалары шешеу жолдары туралы қысқаша мәлімет)

Миссиясы:

балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау

Басым бағыттары:

- денсаулық сақтау технологияларын қолдану арқылы балалардың физикалық және психикалық денсаулығын қорғау және салауатты өмір салтын қалыптастыруға ықпал ету;
- балаларды қызықты ойын түрінде білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту және дамыту;
- жаңартылған білім беру мазмұны аясында мектепке дейінгі ұйымның білім сапасын арттыру;
- әлеуметтік-эмоционалдық құзыреттілік, когнитивтік және қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

Күтілетін нәтиже:

- денсаулық сақтау технологияларын қолдану арқылы балалардың физикалық және психикалық денсаулығы қорғала отырып салауатты өмір салты қалыптасады;
- балаларды қызықты ойын түрінде білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту бағыты дамиды;
- жаңартылған білім беру мазмұны аясында мектепке дейінгі ұйымның білім сапасы артады;
- әлеуметтік-эмоционалдық құзыреттілік, когнитивтік және қарым-қатынас дағдылары дамиды.

2. САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Мақсаты: денсаулық сақтау технологияларын қолдану арқылы балалардың физикалық, психикалық денсаулығын қорғау және салауатты өмір салтын қалыптастыруға ықпал ету және медициналық-педагогикалық бақылау

Тақырыбы	Негізгі қызметтердің мазмұны	Орындалу мерзімі	Жауаптылар	Қайда қаралады
«Дене шынықтыру»	Дене шынықтыру Үлгілік оқу жоспарына және кестесіне сәйкес өткізу.	кестеге сәйкес	Меңгеруші, әдіскер	Меңгеруші жанындағы кеңес
Режимдік сәттер Таңертеңгілік жаттығу Сергіту сәттері Таза ауадағы серуен Тамақтау сәті Ұйқыдан кейінгі гимнастика	Жас мамандарды жеке бақылау – бағдарлама бойынша түсінбеген сұрақтарға әдістемелік сүйемелдеу жасау. Тақырыптық бақылау – негізгі қимыл түрлерін игеруі, қимыл-қозғалыс тәжірибесінің қалыптасуы, ұлттық қимылды ойындарды, командамен жарыс сипатындағы ойындарды игеруі, шығармашылық қабілеттері, командада өзара әрекеттесу дағдыларының дамуы Шұғыл бақылау – тамақтану барысындағы мәдени-гигиеналық дағдылардың қалыптасуы Салыстырмалы бақылау – әдістердің дұрыс қолданылуы, балардың меңгеру деңгейі Қорытынды бақылау – атқарылған жұмыстардың жылдық қорытындысы	Қажетіне қарай Қыркүйек-Қазан Үнемі Мамыр	Меңгеруші, әдіскер, медбике	Меңгеруші жанындағы кеңес
Денсаулық күндері	Жас ерекшелік топтарына сәйкес денсаулық сақтау және нығайту шараларын ұйымдастыру		Барлық топ тәрбиешілері, дене шынықтыру нұсқаушысы, медбике	Меңгеруші жанындағы кеңес
- ермектер		2 айда 1 рет		Меңгеруші жанындағы кеңес
-спорттық ойындар		жылына 2 рет қыста, жазда	Барлық топ тәрбиешілері	Меңгеруші жанындағы кеңес

-жүйелі пайдалы тамақтануды ұйымдастыру	Тағам өнімдерінің қауіпсіздігін растайтын сертификаттардың болуы	үнемі	Шаруашылық меңгерушісі, мейірбике	Өндірістік кеңес
	Тағам өнімдерін аспаздық өңдеу жөніндегі санитарлық талаптардың орындалуы	үнемі	Мейірбике, аспазшылар	Өндірістік кеңес
	Баланың физиологиялық және психологиялық өсу үдерісін қалыпты дұрыс өсуі үшін тағам сапасын күшейту, онкүндік мәзірді құру	үнемі	Меңгеруші, медбике, шаруашылық меңгерушісі,	Өндірістік кеңес
-медициналық-педагогикалық бақылау	Б/б қызметкерлерінің медициналық тексеруден уақтылы өтіп тұруларын бақылау	үнемі	Медбике	Өндірістік кеңес
	«Білім берудің мектепке дейінгі ұйымдарын күтіп ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесінің сақталуы	үнемі	Медбике, пед. ұжым	Өндірістік кеңес
	Медбике жоспарын құру және жүзеге асуын қадағалау	үнемі	Медбике	Өндірістік кеңес
	Бракераждық журналды жүргізу	үнемі	Медбике	Өндірістік кеңес
	Балалар қатысуы мен аурулары бойынша сараптама жасау	үнемі	Медбике	Өндірістік кеңес
	Күнделікті бақылау: Балалардың тамақтану процесінің ұйымдастырылуын қадағалау	үнемі, 3 ай сайын қазан, қаңтар, сәуір, маусым	Медбике	Өндірістік кеңес
	Әкімшілік бақылау- балалардың денсаулық көрсеткішін саралау	үнемі	Медбике	Меңгеруші жанындағы кеңес
	Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, қауіпсіздік ережелерін сақтау жөніндегі нұсқаулық	маусымдық нұсқау	Меңгеруші, медбике	Меңгеруші жанындағы кеңес
	Балалардың бой-салмақ көрсеткіштері (антропометрия)	жылына 2 рет	Медбике, топ тәрбиешілері	Өндірістік кеңес

3. КАДРЛАРМЕН ЖҰМЫС

3.1. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАМЫ

[illegible]

3.1.2. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАМЫ

№	Топтар	Жауапты тәрбиеші және (көмекшісі)	Қызметі
1	Ботақан	Умирзакова Салтанат Налибайқизи Пииялиева Жанар	Тәрбиеші Тәрбиеші көмекшісі
2	Балапан	Тұрлыбекова Бағила Мұратқызы Торғаутова Ботагөз Ерғалиқызы	Тәрбиеші Тәрбиеші көмекшісі
3	Құлыншақ	Талипова Зауреш Карабековна Алимова Жазира Сейдіғалымқызы	Тәрбиеші Тәрбиеші көмекшісі
4	Солнышко	Асабаева Динара Калмаханбетовна Абдурасулова Ахмарал Муталовна	Тәрбиеші Тәрбиеші көмекшісі
5	Орленок	Жотабай Нагима Маратқызы Джакипова Кулышат Сапархановна	Тәрбиеші Тәрбиеші көмекшісі

3.2. ПЕДАГОГТЕРДІ АТТЕСТАТТАУДАН ӨТКІЗУ

қ / с	Жұмыс мазмұны	Уақыты	Жауапты	Қайда қаралады
1	Балабақша бойынша сараптамалық кеңестің құрамын құру бұйрық шығару	Тамыз	Меңгеруші, әдіскер	Меңгеруші жанындағы кеңес
2	Аттестаттауға өтініш берген педагог-тәрбиешілердің тізімін жасау және бекіту.	Қыркүйек	Аттестаттау комис. төрайымы	
3	«Аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту» туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № 561 бұйрығы. бұйрығымен таныстыру, кеңес беру.	Қыркүйек	Аттестат. комиссиясы	
	«Әдістемелік аттестациялау мәселелері бойынша нұсқаулар» тақырыбында теориялық семинарларды ұйымдастыру	Үнемі	Әдіскер	
4	Мектепке дейінгі ұйым педагогтерін аттестатталуға (ұлттық біліктілік тест) дайындық кезінде әдістемелік сүйемелдеу және практикалық көмек көрсету	Үнемі	Әдіскер	

5	Сараптау комиссияның жұмысы: а) аттестатталушы педагог-тәрбиешілермен сұқпаттасу; ә) бірінші кезең – біліктілік тестілеуден өту; б) шығармашылық есебін тыңдау; Нәтиже: аттестатталушының шығармашылық папкасы.	Қыркүйек - қараша-қаңтар	Сараптау комиссиясы
6	Сараптау комиссияның жұмысы: Ұйымдастырылған оқу қызметіне қатысу; Іс-құжаттар папкаларымен танысу; Аттестаттау парағын толтыру; Аттестатталушыны аттестаттау материалымен таныстыру; Сараптау комиссияның қорытынды отырысы (аттестатталушы педагог-тәрбиеші туралы қорытынды шешім қабылдау)	Оқу жылы барысында желтоқсан – наурыз	Сараптау комиссиясы
7	Келесі аттестациядан өтетін педагогтарды анықтап, өтініш, жеке куәлік көшірмесін алу және деректер базасына енгізу, біліктілік санаттарын беруге (растауға) педагог портфолиосын қабылдау-табыстау актісі бойынша материалдарды сараптамалық кеңеске жылына екі рет өткізеді.	туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № 561 бұйрығы	Аттестаттау комиссиясы

3.3. БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ

Кадрлардың біліктілігін арттыру және аттестаттау кестесі

№	Педагогтың аты-жөні	Лауазы мы	Соңғы өткен жылы		Білімді қайта көтеру, аттестациядан өту				
			Аттес.	Курс.	2022ж	2023ж	2024ж	2025ж	2026ж
1	Корабаева Адина Муртабаевна	Әдіскер		2021			А		К
2	Асабаева Динара Калмаханбетовна	Тәрбиеші				К А			
3	Талипова Зауреш Карабековна	Тәрбиеші				К	А		
4	Тұрлыбекова Бағыла Мұратқызы	Тәрбиеші				К	А		

3.4. ЖАС МАМАНДАРМЕН ЖҰМЫС

Мақсаты: тәжірибелік көмек көрсету, жас маманға білімін жетілдіру мәселелері бойынша теориялық және практикалық білімді беруге көмектесу және оның сапасын арттыру.

Міндеттері:

- жас маманның білім беруді үздіксіз процесс ретінде жалғастыруын дағдыландыру, білім берудің жаңа түрлерін меңгеру, әдіс-тәсілдерімен оқыту және тәрбиелеу;
- шығармашылық жұмысының жеке стилін; нақты білімді және іскерлікті қолдану теориясын практикада қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

- тәрбие мен оқу қызметін жоспарлай білу, жеке, сондай-ақ тәрбиеленуші, негізінде шығармашылық іздену арқылы өз бетімен білім алу;
- жас педагог ретінде тәрбиешінің кәсіби маман қалыптасуы;
- тәрбиешінің әдістемелік, интеллектуалды мәдениетін арттыру;
- тәрбиеленушілердің білімін бақылау мен бағалаудың, жүйесін меңгерту.

№	Негізгі іс-әрекет мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Қайда қаралады
1	Жас педагогтардың тізімін алу, сапалық құрамын анықтау. Жас мамандарға көмек көрсету мақсатында тәлімгер – ұстаз тағайындау және жас мамандармен жұмыс жоспарын құру	Тамыз	Әдіскер	Әдістемелік кеңес
2	Тәлімгердің жас маманмен жүргізілетін жұмыс жоспарын құру, бекіту.	Қыркүйек	Әдіскер	Меңгеруші жанындағы кеңес
3	Балабақшаның ішкі еңбек тәртіп ережелерімен таныстыру	Қыркүйек	Әдіскер	Әдістемелік кеңес
4	Жас мамандарға бағыт- бағдар беру және әдістемелік сүйемелдеу: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары ҚР Білім және ғылым министрінің 24.09.2020 № 412 бұйрығы; Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары ҚР Білім және ғылым министрінің 12.05.2020 № 195 бұйрығы; «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары ҚР Денсаулық сақтау министрінің 09.07.2021 ДСМ-59; Перспективалық жоспарды, циклограмманы жазу үлгісімен таныстыру, әдістемелік көмек беру;	Қыркүйек, қазан	Тәлімгер	Әдістемелік кеңес

	Мониторинг жүргізу жолдарымен таныстыру, әдістемелік көмек беру; Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналармен жұмыс формалары мен заманауи модельдері; Жобалық іс-әрекет арқылы балалардың танымдық қабілеттерін дамыту жолдары, жобамен жұмыс; «Педагог мәртебесі туралы» - Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 тамыздағы № 645 қаулысымен таныстыру; Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығымен таныстыру.			
5	Балаларды тәрбиелеу мен оқыту әдістемесін меңгерту туралы көмек көрсету	Үнемі	Тәлімгер	Әдістемелік кеңес
6	Жас мамандардың педагогикалық шеберлігін, белсенділігін дәлелдеу: өз білімін жетілдіру жоспарымен жұмыс жасау; балабақша ішкілік ашық ұйымдастырылған оқу қызметін көрсету арқылы, өз тәжірибесімен бөлісу.	Қазан-сәуір	Тәлімгер	Әдістемелік кеңес
7	Ата-аналармен жұмыс жасау жолдарын қарастыру, дамытушы аймақтарын зерттеу	Үнемі	Тәлімгер	Әдістемелік кеңес
8	Оқытудың техникалық құралдарын және көрнекі құралдарын пайдалануды үйрену	Қараша	Тәлімгер	Әдістемелік кеңес
9	Жыл бойы жүргізілген жұмыстар есебі	Мамыр	Тәлімгер	Әдістемелік кеңес

4. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

4.1. Білім беру процесінің ашық көрсеткіштері (қызметкер санына қарай 1 жылда 1 педагог)

Мақсаты: балаларды қызықты ойын түрінде білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту және дамыту

№	Жұмыс мазмұны (күн тәртібіндегі әрекет негізінде ұйымдастырады)	Мерзімі	Орындаушы	Ескерту
1				
2				
3				
4				

4.2. Ертеңгіліктер, ермектер, ойындар, тақырыпты кештер

Мақсаты: әлеуметтік-эмоционалдық құзыреттілік, когнитивтік және қарым-қатынас дағдыларын дамыту

№	Негізгі іс-әрекет мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Қайда қаралады
1	«Білім күні» (тақырыпты)	Қыркүйек	ересек, мектепалды даярлық топ тәрбиешілері	Әдістемелік кеңес
2	«Алтын Күз» (ертеңгілік)	Қазан	Ересек, кіші, ортаңғы топ тәрбиешілері	Меңгеруші жанындағы кеңес
3	«Республика күні» (тақырыпты)	Қазан	Мектепалды даярлық топ тәрбиеші	Әдістемелік кеңес
4	«Қош келдің Жаңа жыл» (ертеңгілік)	Желтоқсан	Барлық топ тәрбиешілері	Меңгеруші жанындағы кеңес
5	«Қыс кереметі» (қысқы эстафета ойындары)	Қаңтар	Ересек топ тәрбиешісі	Әдістемелік кеңес
6	«Ертегілер еліне саяхат» (сахналық қойылым)	Ақпан	Топ тәрбиешілері	Әдістемелік кеңес
7	«Анашым, жан анам!» (ертеңгілік)	Наурыз	Барлық топ тәрбиешілері	Меңгеруші жанындағы кеңес
8	«Наурыз мерекесі» (тақырыпты)	Наурыз	Ересек, мектепалды даярлық топ тәрбиешілері	Меңгеруші жанындағы кеңес
9	«Біз жас экологпыз» (ермек)	Сәуір	Ортаңғы топ тәрбиешісі	Әдістемелік кеңес
10	Ынтымақтастық күні (ермек)	Мамыр	Кіші, мектепалды даярлық топ	Әдістемелік кеңес
11	Жеңіс күні (тақырыпты)	Мамыр	Топ тәрбиешілері	Әдістемелік кеңес
12	Балабақшамен қоштасу (тақырыпты)	Мамыр	мектепалды даярлық топ тәрбиешісі	

4.3. Байқаулар, көрмелер

Мақсаты: бастамашылықты, дербестікті және жауапкершілікті, командада жұмыс істей білуді дамыту

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Қайда қаралады	Ескерту
1	«Ән шырқайық бәріміз» Республика күніне арналған патриоттық әндер байқауы.	Қазан	тәрбиешілер	Әдістемелік кеңес	
2	Байқау: «Балаларға базарлық» кітап бұрышын ұйымдастыру байқауы» (топ аралық)	қараша	Тәрбиешілер	Әдістемелік кеңес	
3	Сайыс: «Сен білесің бе?» (қызметкерлер аралық сайыс)	желтоқсан	Қызметкерлер Тәрбиешілер	Меңгеруші жанындағы кеңес	

4	Көрме: «Ұлттық бұрыш» (педагогтар үшін)	қаңтар	Тәрбиешілер	Меңгеруші жанындағы кеңес	
5	Байқау: «Биші жұлдыз» би байқауы	сәуір	Тәрбиеші	Әдістемелік кеңес	
6	Байқау: «Мен балаға осылай жағдай жасаймын» (заманға сай жаңаша алаңды безендіру, педагогтар үшін)	маусым	Тәрбиешілер	Педагогикалық кеңес	
7	Көрме: «Сүйсіне біл табиғатқа, өз қолыңмен жаса да» (табиғи материалдардан бейнелер жасау)	шілде	Тәрбиешілер, Ата-аналар	Әдістемелік кеңес	
8	«Жас әнші» ән байқауы	тамыз	Музыка жетекшілері	Әдістемелік кеңес	
9	«Ең үздік топ» жаңа оқу жылына дайындығын тексеру	тамыз қыркүйек	Меңгеруші Әдіскер	Меңгеруші жанындағы кеңес	

4.4. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТЕР

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін дамытудың жаңа бағдары»

Мақсаты: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін жүзеге асыру бағытында білім беру мазмұнының сапасын арттыру

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Орындаушы	Ескерту
1 2 3	№ 1 Педагогикалық кеңес 2022 -2023 оқу жылының жылдық жоспарын бекіту. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік негіздері нұсқау өткізу. Әр түрлі (күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі, перспективалық жоспарды бекіту)	29 тамыз	б/б меңгерушісі А.Корабаева б/б әдіскер А.Корабаева	
1 2 3	№ 2 Педагогикалық кеңес «Бала дене бітімінің дұрыс қалыптасуында ойынның атқаратын рөлі» есеп беру Жас мамандармен жұмыс «Өз-өзінді таны» -іскерлік ойын	23 - қазан	әдіскер А.Корабаева тәрбиеші Д.Асабаева	

1	№ 3 Педагогикалық кеңес Бірінші жарты жылдықтағы топтардың ұйымдастырылған іс әрекеттер жоспарларының жазылу барысын тексеру қортындысы «Қош келдің Жаңа жыл» атты сценарилармен танысу, бекіту «Балабақшадағы денсаулық сақтау технологиясы» дөңгелек үстел	09 - желтоқсан	әдіскер А.Корабаева	
2			меңгеруші А.Корабаева	
3			педагогтар	
1	№ 4 Педагогикалық кеңес Аурудың алдын-алу. 2021-2022 оқу жылы балалардың ауырып қалуы бойынша талдау. Аралық мониторинг нәтижесі «Ертегі әлемі» (есеп беру)	21 - ақпан	Медбике Байдуанова П.Ж.	
2			әдіскер А.Корабаева	
3			әдіскер А.Корабаева	
1	№ 5 Педагогикалық кеңес Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерін тексеру Қорытынды ашық оқу қызметіне кесте құру, сценариларымен танысу, бекіту МАД тобының қоштасу ертеңгілік сценариімен танысу, бекіту	18 - сәуір	Әдіскер А.Корабаева	
2			Әдіскер А.Корабаева	
3			меңгеруші А.Корабаева	

4.5. №1 ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС

Қыркүйек

№	Мазмұны	Жауаптылар
1.	«Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру («Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылады (2022 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттама).	Әдіскер
2.	«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, <i>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы</i> Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарлама өзгерістерді таныстыру	

№2 ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС

Қазан

№	Мазмұны	Жауаптылар
1.	Мониторинг жүргізу жолдарымен таныстыру, әдістемелік сүйемелдеу	Әдіскер
2.	Мектепке дейінгі ұйым педагогтерін аттестатталуға (ұлттық біліктілік тест) дайындық кезінде әдістемелік сүйемелдеу және практикалық көмек көрсету	
3.	Инновациялық тәсілдерді енгізуді жүзеге асыру, жоба және оның жүзеге асыру жолдары	

4.6. Өндірістік кеңес

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Ескерту
	№ 1			
1	Салауатты өмір салтын қалыптастыру және балаларды сауықтыру шараларының нәтижесі (шынықтыру шаралары, ұйқыдан кейінгі жаттығу, тыныс алу жаттығуы)	X	б/б меңгерушісі А.Корабаева медбике Байдуанова П. шаруашылық меңгерушісі Тастанбеков Б.	
2	Ағымдағы жұмыстарды, шолу тексеруінің			
3	қорытындысы Өрт қауіпсіздік ережелерінің сақталуы, шолу қорытындысы			
	№ 2			
1	Топтардың санитарлық жағдайы, жедел тексеру	XII	медбике Байдуанова П.	
2	қорытындысы		медбике Байдуанова П.	
3	/ Ас блогының жұмысын талдау / тамақтың әртүрлілігі, коллориясы/, ас үйдің санитарлық- гигиеналық жағдайы. Техника қауіпсіздік ережелері мен нұсқаулықтардың орындалу нәтижелері		шаруашылық меңгерушісі Тастанбеков Б.	
	№3			
1	Ішкі еңбек тәртібінің сақталуы, қызметкерлердің өз міндеттерін жүйелі атқаруы	III	Әдіскер А.Корабаева	
2	Балалардың тамағын ұйымдастыру (тамақтану жөнінде ата-аналармен жүргізілген сауалнамалар, тамақтану қорытындысы)		Әдіскер А.Корабаева медбике П.Байдуанова	
3	Азаматтық қорғаныс іс- шараларының орындалу нәтижелері		әдіскер А.Корабаева	

4.7. Меңгеруші жанындағы кеңес

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Ескерту
1 2 3	№ 1 Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы, есеп беру ортаңғы, ересектер тобы «Жаңа оқу жылына топтардың дайындығы» шолу тексеруінің қорытындысы Құжаттарды реттеу, сапасын тексеру	қыркүйек	тәрбиешілер, әдіскер А.Корабаева	
1 2 3	№2 Күн тәртібінің орындалуы, бақылау жұмысының қорытындысы. «Топтардың санитарлық жағдайы» жедел тексеру қорытындысы Жаңа әдістемелік әдебиеттерге шолу	қараша	б/б меңгерушісі А.Корабаева медбике П.Байдуанова	
1 2 3	№3 Қыс мезгілінде өткізілетін ермектердің жоспарын бекіту және талдау Салыстырмалы бақылау қорытындысы: балалардың сөйлеуді дамыту бағдарлама материалдарын меңгеруі (қайталап айтып беру, әңгіме құрау) Балалардың денсаулығы, бақшаға қатынасуы жөнінде мәлімет	қантар	б/б меңгерушісі әдіскер А.Корабаева медбике П.Байдуанова	
1 2 3	№ 4 «Күн тәртібін сақтау» шолу тексеруінің нәтижелері Өткізілген ермектердің нәтижелері Әр түрлі мәселе	наурыз	әдіскер А.Корабаева	
1 2 3 4	№ 5 «Жаз мезгіліндегі балалар жарақатының алдын алу» Балалардың бағдарламалық материалды меңгеруі, әдіскер есебі Жазғы сауықтыру жұмысының іс- шараларын бекіту. Балалар тамағын ұйымдастыру (шолу жұмыстарының қорытындысы)	мамыр	Медбике П.Байдуанова б/б меңгерушісі А.Корабаева	

4.8. Нұсқау өткізу

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Ескерту
1	Еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережелері	Қыркүйек	б/б меңгерушісі А.Корабаева	
2	Ішкі еңбек тәртіп ережелерін сақтау.	Қыркүйек	б/б меңгерушісі	
3	Балалардың денсаулығын және өмірін сақтау.	Қазан	әдіскер	
4	Эпидемияға қарсы тазалық жұмыстары.	Қазан	Медбике П.Байдуанова	
5	Төтенше жағдайлар кезінде балабақша қызметкерлерінің балаларды эвакуациялау сәтіндегі өзара әрекеттесуі	Қараша	Әдіскер А.Корабаева	
6	Өрт қауіпсіздігін сақтау.	Желтоқсан	шар.меңгерушісі Тастанбеков Б.	
7	Еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережелері	Желтоқсан	б/б меңгерушісі	
8	Ішкі еңбек тәртіп ережелерін сақтау.	Желтоқсан	б/б меңгерушісі	
9	Балалардың денсаулығын және өмірін сақтау.	Қаңтар	әдіскер	
10	Эпидемияға қарсы тазалық жұмыстары.	Қаңтар	медбике	
11	Ішкі еңбек тәртіп ережелерін сақтау.	Наурыз	б/б меңгерушісі	
12	Балалардың денсаулығын және өмірін сақтау.	Сәуір	әдіскер	
13	Эпидемияға қарсы тазалық жұмыстары.	Сәуір	медбике	
14	Өрт қауіпсіздігін сақтау.	Мамыр	шар.меңгерушісі	

4.9. Қауіпсіздік мектебінің жұмыс жоспары

№	Жұмыс түрі	Мерзімі	Жауапты	Ескерту
1	Ермек :«Дымбілместің денсаулығын сақтау үшін көмектес»	қыркүйек	Тәрбиешілер (кіші, ортаңғы, ересек, мектепалды даярлық топтары)	
2	Саяхат: «Медицина бөлмесіне»	қазан	Тәрбиешілер (кіші, ортаңғы, ересек, мектепалды даярлық топтары)	
3	Барлық балаға көшеде қалай жүру керектігін білу керек: «Егер де сен жоғалып кетсең»	қазан	Барлық топтарда	
4	Кеңес: «Қауіпті заттар әлемінде», «Ненің болатынын, ненің болмайтынын мен жақсы білемін» «Біздің топтағы қауіпсіздік»	қараша	Барлық топтарда	
5	Кеңес: «Мен өз денсаулығымды қорғаймын»	қараша	Тәрбиешілер (кіші, ортаңғы, ересек, мектепалды даярлық топтары)	
6	Мақалдар оқып беру: «Дәрігер Айбалит»	желтоқсан	Ересек топ	
7	Дидактикалық дамытушы ойындар және жаттығу: «Кімге не керек?»	қаңтар	Тәрбиешілер (кіші, мектепалды даярлық топтары)	
8	Шығармашылық ойын: «Емхана», «Аурухана», «Мал дәрігері емханасы»	ақпан	Барлық топ тәрбиешілері	
9	Жапсырма: «Балалар емханасын құру» «Жануарлар емханасы»	наурыз	Ересек топ	
10	Ермек: «Қонжық аурып қалды» «Қасқыр және жеті лақ» «Дәрігер Айбалит»	сәуір	кіші, ортаңғы, ересек, мектепалды даярлық топтары	
11	Ермек: «Балаларға қонаққа аюлар келді»	мамыр	Ерте жас, кіші топтар	
12	Өртсөндірушілер иті	жоспар бойынша	ересек, мектепалды даярлық топтары	

ӘЛЕУМЕТПЕН ЖҰМЫС

Мақсаты:

балабақша мен отбасы ынтымастығы негізінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үрдісін мемлекеттік білім беру стандарт талабына сай жүзеге асыру, ата-аналармен қоғамдастық жұмысын жетілдіру, рухани – адамгершілік құндылықтарды насихаттау

Ата-аналармен өзара ықпалдастық

№	Негізгі іс-әрекет мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Ата-аналар жиналысы	қазан	әдіскер
2			

МЕКТЕППЕН САБАҚТАСТЫҚ

Мақсаты: Балабақша мен мектеп педагогтары арасында іскерлік ынтымақтастық орнату, балаларды мектептегі оқуға бейімделуге дайындау

№	Шаралар	Жұмыс мазмұны	Мерзімі
1	Мектепаралық байланыс туралы ортақ отырыс	Балабақша мен мектептің бірлескен жұмыс жоспарын талқылау және бекіту	Қыркүйек